

Ф.Т. ЕРЕХАНОВА

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ БІРІККЕН СӨЗДЕРДІҢ ТҮСІНДІРМЕ ТҮРІНДЕГІ АУДАРМА ТӘСІЛІМЕН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ

Қазіргі таңда аударматануда аударманың негізгі үлгілері ретінде денотативтік, семантикалық және трансформациялық үлгілер кеңінен қолданылып жүр.

А.Д.Швейцер бұл үлгілерге мынадай анықтама берген:

1 Денотативтік немесе ситуативтік үлгі түпнұсқа көріністері мен аударма көріністері арасындағы байланысты көрсетеді;

2. Семантикалық үлгі түпнұсқа тіліндегі өртүрлі тұлғалардың, мағыналардың түрлі семантикалық үлгілері арқылы берілуі;

3. Трансформациялық үлгі дегеніміз – тіларалық эквиваленттілік негізі бола алатын құрылымдарды жасау тәсілі; [1].

Біз зерттеуіміздің мақсатына қарай, трансформациялық үлгі туралы пікірлерге тоқталамыз. Аударматануда «трансформация», «трансформациялық әдіс», «трансформациялық модель», «семантикалық немесе грамматикалық трансформация» сынды бірқатар ұғымдардың да назарға алынатыны да мәлім. Осыған орай аудармалық трансформация туралы айтылған пікірлерге тоқталып өтпекпіз. Бұл ұғымдар туралы аударматану саласында еңбек еткен ғалымдардың көптеген пікірлері бар.

Аудармалық трансформациялар мәселесі туралы ХХ ғ. 50-жылдары Л.С. Бархударов, В.Н. Комиссаров, Я.И.Рецкер, А.В.Федоров, А.Д. Швейцер, Л.К. Латышев, В.Г. Гак сынды аударма теориясының негізін қалаушылар сөз қозғады.

Аударматануда “трансформация” терминін метафоралық тұрғыдан қарастырған ғалым – А.Д. Швейцер. Бұл туралы ғалым мәселе бастапқы тіл мен аударма тілдегі айтылымдар арасындағы қатынас туралы болуы керектігін, сондықтан аударма үдерісінде бір форманың екінші формамен ауысатынын айтқан. Соған байланысты аталған құбылыс бейнелі түрде «ауысу» немесе «трансформация» деп аталады дейді. Сондай-ақ ол трансформацияны: семантикалық және синтаксистік деп бөліп көрсетеді.

Н.К. Гарбовский мен В.Г. Гак аудармалық трансформацияны “екі тілде де бар изоморфты

тәсілдерді пайдаланудан ауытқу” деп көрсетеді. [2]. В.Г. Гак аудармалық трансформация сөздер мен грамматикалық формалар екінші функциясында қолданғанда немесе мәтіннің, жағдаяттың молаюы (избыточность) жағдайында анықталатындығын көрсетеді [2, 20].

Л.К. Латышев трансформациялардың “есептеліп”, “өлшенетін” нөлдік нүкте екендігі жайлы мәселені алға тарта отырып, ол нөлдік трансформацияны өз-өзіне бірдей, парапар фраза деп көрсетеді. Автордың көрсетуінше, “аудармалық” (тіларалық) трансформацияларда санау немесе өлшеудің мұндай нүктесі белгілі бір тіларалық сәйкестіліктер болып табылады, ал олардан ауытқу қайта фразалау деп танылады [3, 128].

Р.К. Миньяр-Белоручев трансформацияға мынадай анықтама береді: “Трансформация – аударма тәсілдерінің басым бөлігінің негізі. Оның мәні – бастапқы ақпарат мазмұнын сақтай отырып, түпнұсқа мәтінінің формалық (лексикалық және грамматикалық трансформациялар) немесе семантикалық (семантикалық трансформациялар) құрамдас бөлшектерін өзгертуінде” [4, 201].

В.Н. Комиссаров “Аудармалық трансформациялар – бұл өзгертілімдер, олардың көмегімен берілген мағынадағы түпнұсқа бірліктерінен аударма бірліктеріне өту процесі жүзеге асады. Аудармалық трансформациялар мазмұны да, түрі де бар тілдік бірліктермен жүзеге асатындықтан, олар бастапқы бірліктердің түрін де, мағынасын да өзгертетін (қайта жасайтын) формалық-семантикалық сипатқа ие” деп көрсетеді [5].

Берілген анықтамаларда аудармалық трансформация әр қырынан қарастырылған. Дегенмен барлығына ортақ пікір бастапқы тілдегі мазмұнды екінші бір аударма тіліне ауыстыру дегенге саяды деп есептейміз. Әсіресе Р.К. Миньяр-Белоручевтің «бастапқы ақпарат мазмұнын сақтай отырып, түпнұсқа мәтінінің формалық немесе семантикалық құрамдас бөлшектерін өзгерту» деген пікірімен санаспауға болмайды.

Трансформациялық құбылыстар кейде бір тілдің ішінен де көрініс табады. Яғни, бір мазмұнның бірнеше түрлі формада тұлғаланып берілуі

де трансформацияның бір түріне жатады. Мысалы, ағылшын тілінде *grey head* біріккен сөзі қазақ тілінде *шашына ақ кіре бастаған кәрі кісі* деген мағынаны білдіреді. Дәл осы мазмұн ағылшын тілінің өзінде *old man* деген қолданыспен де берілуі мүмкін. Бұл құбылыс кейде когнитивтік трансформация деп те аталып жүр. Когнитивтік болатын себебі, мұнда тілдің тұрпат межесіне қарағанда, мазмұн өрісі басымырақ көрініс тапқан. Ал мазмұн өрісі адамның ішкі жан дүниесімен, ой-санасымен тікелей байланысты. Тіл табиғатын адам болмысымен, оның қимыл-әрекетімен ұштастыра талдаған қазақ тілшілерінің тіл мен таным ұғымдарына назар аударуын, олардың тоғысуынан бастау алатын ережелерге мән беруін де заңды сабақтастықтың нәтижесі деп бағалаған дұрыс, өйткені шынайы өмірді қабылдау, оның қыр-сырын ой таразысынан өткізе пайымдау, соның салдарынан жинақталар ақпараттар мен мәліметтерді жадыда сақталар қор ретінде жүйелеу – барлығы тілдік бірліктердің болмысын ішкі және сыртқы әсерлер тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді. Сөйтіп құрылымдық принциптер пәлсапалық, логикалық және танымдық қағидаларға ұласып, тіл ғылымының өрісі кеңейе түспек. Бұл күні ағылшын тіл білімінің танымдық бағытын зерделеу, оның себеп-салдарын айғақтау, ғылыми-теориялық ұстанымдары мен ұғымдық бірліктерін жүйелеу әрі когнитивтік парадигма негіздерін анықтау өзекті тілдік мәселелер ретінде күн тәртібіне еніп келеді. Кез келген халықтың тарихын тілтаным теориясының қалыптасуымен байланыстыру, соның негізінде жекеленген тұлғалардың тілтанымдық тұжырымдарымен танысу, осылайша сол халықтың төл қазынасын құрайтын құндылықтарына зер салу, оларды зерттеу нысанына қарай арнайы бағыттарға топтап қарастыру – барлығы дерлік тіл біліміндегі когнитивтік ұстанымдарды зерделеуге, олардың негізін әлемдік қордың бір бөлшегі есебінде бағалауға көмектеседі.

Аударма барысында кейде түпнұсқа тілдегі белгілі бір тілдік бірліктің баламасы бір немесе бірнеше сөзбен беріле алмауы мүмкін. Бұл жағдайда аудармашы түсіндірме тәсілін қолданады.

Түсіндірме түріндегі аударма аударматанудың теориялық және практикалық мәселелері талданатын әдебиеттердің барлығында да екінші тілде мағыналық-ұғымдық көлемі жағынан сәйкес келмейтін сөздер тобын, яғни баламасыз лексиканы аудару тәсілі ретінде сипатталады және бұл

аудару тәсілінің ерекшелігі – түпнұсқа тіліндегі бірліктің мағынасының аударма тіліне жайылмалы синтаксистік құрылымдар арқылы берілуінде. Түпнұсқа бірлігі мен оның аударма тіліндегі баламасының арасында лексикалық сәйкестік болмайды немесе бұл сәйкестік едәуір төмен болып келеді, аударма тіліндегі баламаның ішіндегі синтаксистік байланыс әртүрлі болады, түсіндірме түрінде аударма жасау іс-әрекетінің автоматтылығы сөзбе-сөз аударуға қарағанда әлдеқайда төмен, дегенмен түпнұсқа мәтіндегі бірлікті аудару процесі автоматты түрде жүзеге асырылмайды деп қорытындылауға да болмайды және синтаксистік-құрылымдық үлгі тұрақты болып келмейді. Дәлел үшін бірнеше мысалдарды талдап көрейік, мысалы “The trouble with you young fellows is that you are so *cocksure* nothing can exist outside your own philosophy that you get the wind up when something occurs to jolt you out of that opinion” [6, 275] сөйлемін қазақ тіліне Ә.Ахметов “Жастардың бір жаман жері сол, сендер өздеріңнің философияңнан басқаға сенбейтін *сыңаржақсыңдар*. Ал енді әлгі сенімдеріңді басқа біреулер жокқа шығара қалса, зәрулерің кете бастайды” [7, 123.], – деп берген. Бұл сөйлемде қолданылған біріккен зат есім *өтеш* және *сенімді* деген мағыналарын білдіретін *sock* және *sure* сөздерінен құралған. Бұл күрделі сөзге аударма сөздікте *өзіне сенімді* деген мағына көрсетілген. Алайда аудармада ол *сыңаржақ* деп берілген және оған *өздеріңнің философияңнан басқаға сенбейтін* деген түсіндірме беріліп отыр. Осы түсіндірме арқылы *өзіне гана сену* мәні қосыла беріліп отыр. Олай болмаған жағдайда тек *сыңаржақ* сөзінің өзі *cocksure* біріккен зат есімінің мағынасын толық аша алмас еді деп ойлаймыз. Сол себепті мұнда түсіндірме тәсілі қолданылған деп санаймыз.

“In spite of himself, Lavingston’s *matter-of-fact* manner was having its effect upon Jack” [6, 275] сөйлемі қазақ тіліне “Қанша дегенмен Лэвингтонның жаңағы айтқан *қарапайым* сөздері Джекке әсер ете бастаған болатын” [7, 123] болып аударылған. Бұл аудармада *matter-of-fact* күрделі сын есімі қолданылған. Ол *қарапайым* деген мағынада жұмсалып тұр. Бұл күрделі сөз негізінде *matter* және *fact* сөздерінен құралған. Мұндағы *matter* сөзінің *зат*, *мазмұн*, *мәселе*, *іс* деген мағыналары бар. Ал *fact* сөзінің мағынасы *факт*, *нақты дерек* екендігі белгілі. Сонда бұл күрделі сөз ең алдымен *нақты шындық (реальная действительность)* деген мағынада қалыптасқан.

Яғни, алдымен күрделі зат есім болған. Ал біз қарастырып отырған мәтінде ол адъективтеніп қарапайым деген мағынада жұмсалып, түсіндіру арқылы беріліп тұр. Осыларға қарап, бұл аударманы түсіндірме тәсіліне жатқызамыз. Өйткені мұнда аударма қажеттілігіне қарай күрделі сөздің мағынасы ғана емес, оның сөз табы да өзгерген. Келесі “The influence of anyone at the point of death – and especially of *violent death* – upon their surrounding is very strong” [6, 279] сөйлемінің қазақ тіліндегі аудармасы “Өлейін деп жатқан адамның, әсіресе *қатты қиналып жатқан адамның* айналасына, ортасына етер әсері өте күшті болады” [7, 125] болады. Сөйлемде *violent death* біріккен сөзі қазақ тіліне *қатты қиналып жатқан адам* деп аударылған. Ағылшын тілінде *violent* сөзі *өте қатты* мағынасын, ал *death* *өлім* мағынасын береді. Демек оны тікелей сөзбе-сөз аударғанда *өте қатты өлім* болып шығар еді. Сондықтан бұл аударма түсіндірме түріндегі аударма әдісі бойынша жасалған. Яғни, автор оған *өлім алдындағы қатты қиналыс* деген түсіндірме арқылы берілген. Келесі “Emily French had been a *strong-willed* old woman, willing to pay her price for what she wanted” [6, 215] сөйлемі қазақ тіліне “Эмили Фрэнч *өз есебіне шегедей*, көңіліне ұнаған нәрсенің құнын жақсы білетін кемпір болатын” [7, 144], – деп аударылған. Негізінде, ағылшын тілінде *strong-willed* біріккен сын есімі қазақ тіліне тікелей аударғанда *өз тілектеріне, қалауларына мықты* немесе *берік* деген мағынада жұмсалады, бірақ аудармашы оны қазақ оқырмандарының түсінігіне сәйкестендіріп, қазақ тіліне *өз есебіне шегедей* деген тұрақты тіркес арқылы түсіндіре беріп отыр. Алайда *өз тілектеріне, қалауларына мықты* немесе *берік* деп берсе де автор қателеспеген болар еді, өйткені ол қолданыс та қазақ ұғымына жат емес. Аудармашының мақсаты біздіңше, *мықтылық, берік* деген мағыналарды *шегедей* сөзін қолдану арқылы беруді жөн санаған. *Шеге-мықтау, бекіту, қатайту* мәндерін де өз семантикасында қамтитыны белгілі.

Мысалдарда берілген біріккен сөздер баламаларын қазақ тіліне сөзбе-сөз аудару тәсілі бойынша тәржімеленген баламалар тобына жатқызуға болмайды. Қарастырылған мысалдардағы ағылшын тіліндегі біріккен сөздердің қазақ тіліндегі баламалары төрт және онан да көп сыңарлардан құралған және олар синтаксистік тұрғыдан алғанда өз ішінде түрліше байланысқан.

Осы баламаларды сөз түрлендіру тәсілі бойынша қазақ тіліне аударылған баламалар қатарына жатқызу да мүмкін емес: себебі, біріншіден, балама төрт және онан да көп бірліктерден түзілген, екіншіден, мұндай аударма біршама автоматты түрде оңай жүзеге асырылады.

Ағылшын тіліндегі біріккен сөздердің ерекшеліктерінен байқағанымыздай, ағылшын тілінің көптеген шындық құбылыстарын ұғым ретінде атап, оларды тілде және адам санасында бекіту мүмкіндігі бар. Ал қазақ тілінде бұл ұғымдар үшін қолайлы және дәл ағылшын тіліндегідей жинақы – тұтас атау жоқ, сондықтан да олар қазақ тілінде ұғым болып табылмайды.

Бұл мысалдарда ағылшын тіліндегі бір ғана біріккен сөзбен аталған ұғымдар қазақ тіліне жайылма құрылым арқылы берілгендігі байқалады. Сонымен барлық мысалдар қазақ тіліне түсіндірме түрінде аудару тәсілімен берілген ағылшын тіліндегі біріккен сөздер баламасыз лексика қатарына жататындығын дәлелдей түсті. Бұл біріккен сөздердің қазақ тіліне қатысты баламасыз болып келуін төмендегіше түсіндіруге болады: белгілі бір құбылыс, зат, нәрсе, ұғым тек ағылшын халқына ғана тән, осыған орай сол құбылыстың, заттың, нәрсенің, ұғымның атауы ағылшын тілі сөздік қорында бар, осы аталған құбылыс, зат, нәрсе, ұғым қазақ халқы өмірінде жоқ болғандықтан олардың сөздік қорында сәйкес сөздер де жоқ: ағылшын халқы мен қазақ халқы айнала қоршаған дүниені әртүрлі қабылдауы мүмкін, соның нәтижесінде екі тілде де бар денотатқа негізгі тіл иелері нақты номинациялық атау береді де, аударылатын тіл иелері өздері өмір сүріп отырған ортада бар екендігіне қарамастан бұл денотатқа номинациялық атау бермейді; ал енді кейбір жағдайларда негізгі тілде бар денотатқа аударылатын тілде шағын ғана номинациялық атау жоқ болуы мүмкін. Мұндай біріккен сөздердің қазақ тіліндегі баламалары төрт және одан да көп сөздердің бір синтаксистік құрылымға тіркесуі арқылы жасалады. Сондықтан аударманың мұндай тәсілін түсіндірме түрінде аударманың жайылмалы синтаксистік құрылымдар арқылы жасалуы деп атаймыз.

ӘДЕБИЕТТ

1. Швейцер А.Д. Перевод и лингвистика. М., 1973. 280 с.
2. Гарбовский И.Н. Теория перевода. М.: Изд. МУ, 2004. 544 с.

3. *Латышев Л.К.* Перевод: проблемы, теорий и методики преподавания. М.: Просвещение, 1988. 159 с.

4. *Миньяр-Белоручев Р.К.* Общая теория перевода и устный перевод – М.: Воениздат, 1980. 237 с.

5. *Комиссаров В.Н.* Теория перевода (лингвистические аспекты): Учеб. для ин. и фак.иностр.яз. – М.: Высшая школа, 1990. – 253 с.

6. *Agatha Christie.* “Selected stories”. Progress Publishers. Moscow, 1976. 334 p.

7. *Ағата К.* Ғайып болған миллион // Ауд. Ә. Ахметов. Алматы: Жалын, 2003. 160 б.

Резюме

Рассматриваются трансформационные модели при переводе путем объяснительного приема английских сложных слов на казахский язык.

Summary

This investigation is devoted to the transformational models of English compounds in explanatory way of translation into the kazakh language.